

**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің  
докторанты Жакулаев Адил Муратовичтің  
8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған  
«Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс»  
диссертациялық жұмысына**

**ШКІР**

Докторант А.Жакулаевтың философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыс құрылымы үш бөлім, тоғыз тараудан тұрады. Жұмыс соңында қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген. Бірден нақтылар болсақ, жұмыс құрылымының үш бөлімі мен тоғыз тарауы бір-бірімен байланыста жазылып, негізгі тақырыпты ашуға бағытталған. Алғашқы бөлім «Әдебиеттану ғылымындағы дискурс теориясының негіздері» делініп, осы бөлімнің бірінші тарауы «Дискурс категориясы мен түрлері» турасында болса, екінші тарауы «Көркем дискурстың дистинктивті ерекшеліктеріне» арналған, үшінші тарауы «Тарихи дискурс: теориясы мен типологиясына» қатысты жазылған. Үш тарау бірін-бірі толықтырып, еңбектің мақсат-міндеттерін айқындай алған.

Екінші бөлім «Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс трансформациясы» деп аталады. Осы бөлімде «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі тарихи прозаның дискурсивті кеңістігі», «Тарихи тұлға дискурсы және көркем бейне», «Тарихи дискурстағы нарратив, аллюзия және реминисценция» мәселелері қарастырылады. Диссертант қазіргі қазақ прозасындағы тарихи тақырыпта жазылған көптеген шығармаларды талдап, тақырыпқа қатысты ғылыми тұрғыдан жаңаша зерделеудің үлгісін көрсетеді. Зерттеушінің өзіндік ғылыми көзқарасы мен тұжырымдары осы тарауда барынша анық байқалады.

Адил Жакулаев тарихи тұлғалар образын сомдаған жазушылардың Шыңғыс хан, Жошы, Бейбарыс сұлтан, Абылай хан, Махамбет, Ақтайлақ би және т.б. тарихи туындылардан өз зерттеу нысанына байланысты жасаған пайымдаулары мен ұсыныстары бұрын назар аударыла қоймағандығымен, жаңашылдығымен назар аудартады.

Жұмыстың үшінші бөлімі негізінен тарихи дискурсты оқытудағы инновациялық әдіс-тәсілдерге арналып, үш тарауы толықтай эксперименттік зерттеу бойынша жүргізілген. Диссертанттың әртүрлі аудиторияларда жүргізген тәжірибелік жұмыстары еңбектің нәтижесін анықтап, дәлелді жауаптар беруге арналғанын түсіндіруін зерттеу қорытындысының өте дұрыс шешімі деуімізге болады. Изденушінің қорғауға ұсынған ұсыныстары жұмыс кіріспесі мен қорытынды бөлімінде көрініс тапқан.



Қорыта келгенде, 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша Жақұлаев Адил Муратовичтің философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талапқа сай ізденіспен жазылған. Ізденушінің зерттеу еңбегін философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деген пікірдемін.

**Пікір білдірген:**

**PhD доктор, Түрік әлемдік зерттеулер институтының профессоры,  
Эгей университеті (Измир, Түркия)**

  
**Ekici Metin**

